



Хамзин Берікбол Серікбайұлы

«Қазгеология» АҚ бас геологі



Оқу жылдары:
1977-1982 жж.



Мамандығы:
"Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау"

ҚазПТИ-дің «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» мамандығына 1977 жылы оқуға түстім. Өзім геологтар арасында өскендіктен, бала кезімнен геолог болуды армандайтынмын. Кен орнын ашып, еліміздің геология саласының дамуына үлес қоссам деуші едім.

Неліктен ҚазПТИ десеңіз? Бұл – Қазақстандағы геология саласының ғылыми және практикалық қызметінің қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарған бірінші техникалық университет.

Біз оқыған пәндердің ішінен «Жалпы геология» пәні ұнайтын. Бұл ғылымды қажетсінетін және көпқырлы ғылымның бастауы, негізі. Ал «Жоғары математиканы» оқу қиындық туғызатын. Өз оқытушыларымның ішінен кімді жиі есіме аламын? Көбіне Медоев Георгий Цараевич пен Есенов Шахмардан Есенұлын ойлаймын.



*Институтта өткізген кездерім –
бақытты сәттер, апталар мен
жылдарым.*



Институтта өткізген кездерім – бақытты сәттер, апталар мен жылдарым. Институтта дұрыс таңдаған бағыт – геологияны меңгере білдім, тұлға ретінде қалыптастым, соның арқасында кәсіби мансабымда ілгері жылжитын мүмкіндікке ие болдым. Дипломдық жұмысым «Амур облысындағы титан-ильменитті рудаларды іздеу жұмыстары» деген тақырыпта болғаны есімде.

Университетті тәмамдағаннан кейін Қиыр Шығысқа Хабаров экспедициясына аттанбақшы болдым. Бірақ сәті түспей, Қарағайлы кентіндегі Қарағайлы геологиялық барлау экспедициясына қатысып, 1982 жылдан 1998 жылға дейін жұмыс істедім, учаскелік геологтан экспедиция басшысына дейін көтерілдім. Сондықтан ештеңеге өкінбеймін.

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(с) НАО «КазНТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(с) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(c) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.

Министерство образования и науки
республики Казахстан
Некоммерческое акционерное общество
«Казахский национальный технический
университет им. К.И. Сатпаева».



Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі
«Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық университеті» Коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Менің геолог мамандығымда кез-келген жағдайдағы жұмысқа дайын болу өте маңызды, жұмысқа жаңа кіріскен мамандар әмбебаптық пен байқампаздық қасиеттерге ие болуға тырысу керек. Сондай-ақ ақпаратты талдай білу, еңбекқорлық, кез-келген жерде бағыт-бағдарды анықтай алуажет. Ең бастысы, ҚазҰТЗУ студенттеріне айтарым, өз мамандықтарыңызды жақсы көріңіздер.

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(с) НАО «КазНІТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(с) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(c) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.